


# «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік»

**Тәрбие сағатының мақсаты:**

а) оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алғалы 26 жыл ішіндегі жеткен жетістіктерімізбен таныстыру, білімдерін кеңейту.

ә) отанды сүюге, ел байлығын қорғауға, болашақ Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін ұғындыру.

б) бүгінгі тәуелсіздікке қалай қол жеткенін зерделеу, оларды Отаны үшін отқа түсетін ел жанды, ел Азаматы етіп тәрбиелеу.



Сөзін жазғандар: **Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев**
Әнін жазған: **Шәмші Қалдаяқов**

**Алтын күн аспаны,**
**Алтын дән даласы,**
**Ерліктің дастаны,**
**Еліме қарашы!**
**Ежелден ер деген,**
**Даңқымыз шықты ғой.**
**Намысын бермеген,**
**Қазағым мықты ғой!**

**Қайырмасы:**
**Менің елім, менің елім,**
**Гүлің болып егілемін,**
**Жырың болып төгілемін, елім!**
**Туған жерім менің – Қазақстаным!**

**Ұрпаққа жол ашқан,**
**Кең байтақ жерім бар.**
**Бірлігі жарасқан,**
**Тәуелсіз елім бар.**
**Қарсы алған уақытты,**
**Мәңгілік досындай,**
**Біздің ел бақытты,**
**Біздің ел осындай!**

Қазақстан – қасиетті ұғым бұл
Ей, келешек, жан тәніңмен ұғын, біл.
Он бір әріп не мағына береді,
Ал, толғайық жеткенінше қызыл тіл.
(Ортаға оқушылар шығады)



Т- білдіреді теңдікті,
Ә- әдептілік, әлдікті,
У-уайымсыз уақытты,
Е- егемендік елдікті.
Л-дейді лағып лепірме,
С-сенімділік секілді,
І-ілтипат пен ізетті
З- зиялылық тілек қой.
Д- шақырады достыққа,
І- ізденіс пен нәтиже
К- дейді күн боп көктегі
Көз алартып, көршілерге
қол сұқпа.

Сұрақ – жауап:

— Балалар, сендер қандай республикада тұрасыңдар?

— Қазақстан Республикасында тұрамыз.

— Қазақстан қандай республика?

— Егеменді, Тәуелсіздік Республикасы.

— Дұрыс балалар, ал Қазақстан Республикасын кім басқарады?

— Елбасы Н.Ә.Назарбаев.





# Қазақстан республикасының рәміздері.

Сарыарқа, кең дала,
Сенсіз жетім мен бала,
Самұрықтай киелі,
Сен – Бәйтерек, Сен – Ана!

**Бәйтерек туралы мәлімет.**

«Бәйтерек» монументі Есіл өзенінің жағасындағы Қазақстанның астанасы Астана қаласында орналасқан. Металлдан, әйнек пен бетоннан жасалған бұл «терек» сәулеттік мағынасы жағынан да, жасалуы жағынан да бірегей: биіктігі 105 метрлік металл құрамасынан, салмағы 1000 тоннадан жоғары бес жүзге жуық қададан тұрады. Монументтегі барлық дүние – төбесіндегі алтын күн, 97 метрлік биіктігі, және аспан әлемінің үш негізін кейіптейтін үш аймаққа бөлінген ішкі архитектурасы белгілі бір символды білдіреді. Әлемде бірінші рет диаметрі 22 метрлік және салмағы 300 тоннадан тұратын күннің түсуіне қарай түсін өзгертетін «хамелеон» әйнегінен жасалынған шар биіктігі жағынан рекордқа ие болды. Қазақстан астанасында асқақтаған бұл «терек» жаңартулардың сәулеттік символы, тәуелсіз Қазақстан символы ретінде орын алады.





«…Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.»

ZHARAR
www.ZHARAR.com

Н.Назарбаев


Қазақ елім!
Туды жастық дәуірің.
Алғандайсың жұлдызыңның
жарығын.
Тәуелсіздік құтты болсын,
қымбаттым,
Туған күнің құтты болсын,
алыбым!
Тәуелсіз Қазақстан -
ғасырлар арманы!